

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 155 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 желтоқсан N 1695

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2001 жылғы егіннің астығын мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 155 P010155_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 4-5, 47-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақшада:

бірінші абзацтағы "5 276 553 656 (бес миллиард екі жүз жетпіс алты миллион бес жүз елу үш мың алты жүз елу алты) теңгеге дейін сомаға 448 970 (төрт жүз қырық сегіз мың тоғыз жүз жетпіс) тоннаға" деген сөздер "5 365 353 656 (бес миллиард үш жүз алпыс бес миллион үш жүз елу үш мың алты жүз елу алты) теңгеге дейін сомаға 456 970 (төрт жүз елу алты мың тоғыз жүз жетпіс) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "2 589 812 793 (екі миллиард бес жүз сексен тоғыз миллион сегіз жүз он екі мың жеті жүз тоқсан үш) теңгеге дейін сомаға 219 000 (екі жүз он тоғыз мың) тоннаға" деген сөздер "2 678 612 793 (екі миллиард алты жүз жетпіс сегіз миллион алты жүз он екі мың жеті жүз тоқсан үш) теңгеге дейін сомаға 227 000 (екі жүз жиырма жеті мың) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

бірінші абзацтағы "136 846 344 (бір жүз отыз алты миллион сегіз жүз қырық алты мың үш жүз қырық төрт) теңгеге дейін сомаға 9 289 (тоғыз мың екі жүз сексен тоғыз) тоннаға" деген сөздер "48 046 344 (қырық сегіз миллион қырық алты мың үш жүз қырық төрт) теңгеге дейін сомаға 3 289 (үш мың екі жүз сексен тоғыз) тоннаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК